


## 50-ҚАФ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Қырық бес аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Қаф және биік дәрежелі Құранға серт. (1) Керісінше кәпірлер өздеріне араларынан бір ескертуші келуін: "Бұл бір ғажайып нәрсе" десті. (2) (Және былай десті): "Біз өліп топырақ болған кезде, (қайта тірілеміз бе?) Бұл қайту ақылдан ұзақ." (3) Расында жердің олардан нені кеміткенін білеміз. Жанымызда әр нәрсені сақтаушы бір Кітап бар. (Лаухы Махфүз Б.М.) (4) Әрине олар, хақиқат келген сәтте, жасынға шығарды. Сондықтан олар, бір дағдарыста. (5) Олар үстеріндегі аспанға қарамай ма? Оны қалай жасап, безедік. Оның ешбір сызаты жоқ. (6) Жерді төсеп, онда әр түрлі көркем нәрселерді өсірдік. (7) Әрбір бейім құл үшін; бір белгі және үгіт. (8) Аспаннан берекетті жаңбыр жаудырып, сонда ол арқылы бақшалар және орылатын астық өсірдік. (9) Қауашақтары шоғырланған ұзын құрма ағаштарын өсірдік; (10) Құлдарға



көрек үшін. Сондай-ақ жаңбырмен жансыз жерге жан бердік. (Қайта тіріліп,) шығуда сол тәрізді. (11) Олардан бұрын Нұх (Ф.С.) қауымы, Рәс халқы және Сәмүд елі де жасынға айналдырған болатын. (12) Гад, Перғауын және Лүттың ағайындары да (13) Әйкеліктер және Түббағ елі, барлығы пайғамбарларды жасынға айналдырған. Сондықтан уәде шынға айналған. (Азапқа ұшыраған.) (14) Алғашқы жарату Бізді шаршартты ма? Жоқ, олар жаңа жаратылыстан күмәндануда. (15)

سُوْرَةُ

الْحَبَرَةُ الْبَارَةُ الْعَبْرَةُ

وَلَقَدْ خَلَقْنَا الْإِنْسَانَ وَنَعَلَهُمَّا نُوسُوسٍ بِهِ نَفْسَهُ، وَحَنَّ أَقْرَبُ إِلَيْهِ  
 مِنْ حَبْلِ الْوَرِيدِ ﴿١٦﴾ إِذْ تَلَقَى الْمُتَلَقِيَانِ عَنِ الْيَمِينِ وَعَنِ الشِّمَالِ قَعِيدٌ  
 ﴿١٧﴾ مَا يَلْفُظُ مِنْ قَوْلٍ إِلَّا لَدَيْهِ رَقِيبٌ عَبِيدٌ ﴿١٨﴾ وَجَاءَتْ سَكْرَةٌ  
 الْمَوْتِ بِالْحَقِّ ذَلِكَ مَا كُنْتَ مِنْهُ تَحِيدُ ﴿١٩﴾ وَنُفِخَ فِي الصُّورِ ذَلِكَ  
 يَوْمَ الْوَعِيدِ ﴿٢٠﴾ وَجَاءَتْ كُلُّ نَفْسٍ مَعَهَا سَائِقٌ وَشَهِيدٌ ﴿٢١﴾ لَقَدْ  
 كُنْتَ فِي غَفْلَةٍ مِنْ هَذَا فَكَشَفْنَا عَنْكَ غِطَاءَ كَفْصِكَ الْيَوْمَ حَدِيدٌ  
 ﴿٢٢﴾ وَقَالَ قَرِينُهُ هَذَا مَا لَدَى عَبِيدٍ ﴿٢٣﴾ أَإِذَا فِي جَهَنَّمَ كُلٌّ كَفَّارٍ  
 عَبِيدٍ ﴿٢٤﴾ مَتَاعٌ لِلْحَيِّرِ مُعْتَدٍ مَرِيبٍ ﴿٢٥﴾ الَّذِي جَعَلَ مَعَ اللَّهِ إِلَهًا  
 آخَرَ فَأَلْفَيْاهُ فِي الْعَذَابِ الشَّدِيدِ ﴿٢٦﴾ قَالَ قَرِينُهُ رَبَّنَا مَا أَطَّغَيْتَهُ  
 وَلَكِنْ كَانَ فِي ضَلَالٍ بَعِيدٍ ﴿٢٧﴾ قَالَ لَا تَخْتَصِمُوا لَدَيْهِ وَقَدْ قَدَّمْتُمْ  
 إِلَيْهِ الْبَيِّنَاتِ ﴿٢٨﴾ مَا يُدَلُّ الْقَوْلُ لَدِي وَمَا أَنَا بِظَلَمٍ لِّلْعَبِيدِ ﴿٢٩﴾  
 يَوْمَ نَقُولُ لِجَهَنَّمَ هَلِ امْتَلَأْتِ وَنَقُولُ هَلْ مِنْ مَزِيدٍ ﴿٣٠﴾ وَأَرْزَقْنِي  
 الْجَنَّةَ الْمُتَّقِينَ عَرَبِيَّةً ﴿٣١﴾ هَذَا مَا نُوعِدُونَ لِكُلِّ أَوَّابٍ حَفِيظٍ  
 ﴿٣٢﴾ مَنْ خَشِيَ الرَّحْمَنَ الْعَلِيمَ وَجَاءَ بِقَلْبٍ مُنِيبٍ ﴿٣٣﴾ ادْخُلْهَا  
 بِسَلَامٍ ذَلِكَ يَوْمُ الْخُلُودِ ﴿٣٤﴾ لَهُمْ مَا يَشَاءُونَ فِيهَا وَلَدَيْنَا مَزِيدٌ ﴿٣٥﴾


سُوْرَةُ  
الْحَبَرَةُ  
الْبَارَةُ  
الْعَبْرَةُ

٥١٩

Расында адамзатты жараттық. Оған, нәпсісінің не сыбырлағанын білеміз. Өйткені Біз, оған күре тамырынан да жақынбыз. (16) Оның, оңынан да солынан да екі байқаушы отырады. (82-С. 10-13-А.) (17) Аузынан бір сөз шығарса-ақ болды, алдында аңдушы дайын. (18) Өлім есірігі шындықты келтірді. Одан қашушы едің. (19) Сүр үріледі. Осы уәделі күн. (20) Әркіммен айдаушы және куә бірге келеді. (21) "Расында осыдан кәперсіз едің. Ал енді сенен шымылдықты аштық. Сондықтан

бүгін көзің өткірлесті" (делінеді.) (22) Жанындағы (періште): "Міне мендегі дайын" дейді. (23) "Бүкіл қарсы болған қиқарды, тозаққа салыңдар" (делінеді.) (24) "Жақсылыққа тыйым салушы, шектен шығушы және күмәнданушы;" (25) "Бұлар сондай Алламен бірге тәңір жасап алған. Енді оны қатты азапқа салыңдар!" (26) Оның сыбайласы (шайтан): "Раббым! Оны, мен аздырмадым. Дегенмен өзі де ұзақ адасуда еді" дейді. (27) (Алла): "Менің алдымда тартыспаңдар. Сендерге алдын ала уәдені білдірген едім" дейді. (28) "Менің алдымда сөз ауыстырылмайды. Сондай-ақ құлдарыма әділетсіздік істемеймін." (29) Ол күні, тозаққа: "Толдың ба?"; - дейміз. Ол: "Тағы да бар ма?"; - дейді. (30) Бейіш, тақуаларға жақындатылады, алыс болмайды. (31) "Міне, уәде етілген нәрселерің; бүкіл тәубешіл, сақтанушылар үшін." (32) Кім көрместен Рахманнан қорықса, бейім жүрекпен келсе; (33) "Ұжмаққа аман-есен кіріңдер. Бұл мәңгілік күні" (делінеді.) (34) Бейіште олар не тілесе бар. Сондай-ақ жанымызда артығы да бар. (35)

Олардан бұрын әздерінен орасан мықты, мемлекеттерді кезген, нәсілді жоқ еткен едік. Құтылар жер бар ма? (36) Шүбәсыз бұнда (сезімтал) жүрегі барға немесе құлақ салып, әзір болғанға бір үгіт бар. (37) Расында көктер мен жерді және екі арасындағы нәрселерді алты күнде жараттық, шаршамадық. (38) (Мұхаммед Ғ.С.) олардың айтқандарына сабыр ет. Раббыңды күн шығудан бұрын әрі батудан бұрын мақтай дәріпте. (Таң намазы, бесін, екінгі. Б.Ж.М.) (39) Түннің бір бөлімінде және намаздардан кейін Оны дәріпте. (Намаздардың артындағы нәпілдер. Б.Ж.М.) (40) Жақын жерден бір айғайшының шақыратын (Сүр үрілетін) күніне құлақ сал. (41) Олар ол күні ащы дауысты анық естиді. Ол, (қабырдан) шығатын күн. (42) Расында тірілтеміз де өлтіреміз. Сондай-ақ қайтар орын Біз жақ. (43) Сол күні жер жарылып, олар тезінен шығады. Осы жинау Бізге оңай. (44) (Мұхаммед Ғ.С.) олардың не дегендерін жақсы білеміз. Сен оларға зорлаушы емессің. Кім



азаптан қорықса, Құранмен үгіт бер. (45)

### 51-ЗЭРЯТ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Алпыс аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Соғып ұшырушы желдерге, (1) Мол жаңбыр көтеруші бұлттарға, (2) Жеңіл жүруші кемелерге, (3) Істі бөлуші періштелерге серт! (4) Шын мәнінде сендерге уәде етілген қиямет әрине рас. (5) Әлбетте қиямет болады. (6)